

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Астана қаласы

№

город Астана

Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы

Тәрбие жұмысының бағдарламасын жаңарту бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 15 наурыздағы Ұлттық құрылтай отырысында берілген тапсырмалар хаттамасының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары бекітілген.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті (М.Медетбекова):

1) осы бұйрықты облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының, республикалық орта білім беру ұйымдарының назарына жеткізуді қамтамасыз етсін;

2) «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын 2024-2025 оқу жылынан бастап республикалық мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына енгізісін;

3) «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын республикалық мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында іске асыруды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшылары:

1) осы бұйрықты аудандық, қалалық білім бөлімдерінің, меншік нысанына қарамастан, жоғарғы оқу орындарын қоспағанда, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін;

2) 2024-2025 оқу жылынан бастап барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізісін (келісім бойынша).

3) меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру арқылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі «Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын» бекіту туралы № 294 бұйрығының күші жойылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министрі Е.Оспанға жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрі

Е. Бейсембаев

Согласовано

29.07.2024 15:30 Медетбекова Меруерт Аскарбековна
29.07.2024 16:57 Жумашев Каныбек Бекболатович
29.07.2024 18:36 Муханбетов Асет Гарифуллейович
29.07.2024 19:01 Куптлеуова Багымкуль Абубакировна
29.07.2024 20:29 Курманбекова Карлыгаш Жаркынбековна
30.07.2024 09:56 Нагметжанова Толкын Сериковна
30.07.2024 10:00 Ақитаева Гүлден Бериковна
30.07.2024 10:02 Дуйсенбаева Фариза Сансызбаевна

Подписано

30.07.2024 18:55 Бейсембаев Гани Бектаевич



БҰЙРЫҚ

2024 жылғы « 6 » 08

Ақтөбе қ.

№ 380

ПРИКАЗ

« » 2024 года

г. Ақтөбе

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АКТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКНИМАТ АКТИУБНСКОЙ ОБЛАСТИ

**Білім беру ұйымдарында (мектепке-дейінгі, орта,
техникалық және кәсіптік) «Біртұтас тәрбие»
бағдарламасын енгізу туралы**

БҰЙРЫҚ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 30.07.2024 жылғы
№194 бұйрығына сәйкес

ПРИКАЗ

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024-2025 оқу жылынан бастап облыстың барлық білім беру
ұйымдарында (мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік) меншік түріне
қарамастан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізілсін.

2. Бұйрыққа қоса берілген қосымшаларға сәйкес:

2.1. Бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес «Біртұтас тәрбие»
бағдарламасы бекітілсін;

2.2. Осы бұйрықтың №2 қосымшасына сәйкес облыстың білім беру
ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
өңірлік іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. Аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің басшылары:

3.1. Меншік нысанына қарамастан аталған бұйрық ведомстволық
бағынысты білім беру ұйымдарына жеткізілсін.

3.2. Меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие
процесін ұйымдастыру арқылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру
қамтамасыз етілсін.

**4. Аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің басшылары техникалық
және кәсіптік білім беру ұйымдары мен облыстық интернаттардың
директорлары:**

4.1. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі ұйымдардың педагогикалық
кеңесінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы таныстырылсын.

001938

4.2. Білім беру ұйымдарының 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жоспары әзірленіп, бекітілсін.

5. Облыстық білім басқармасының қосымша білім беру және тәрбие жұмыстары бөлімі (Т. Бакиева), облыстық әдістемелік орталық директоры (Т. Аяпова):

5.1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы бойынша әр тоқсан сайын мониторинг жүргізілсін;

5.2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде озық іс-тәжірибелер таратылсын;

5.3. Инстаграм әлеуметтік парақшасында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының бірыңғай парақшасы ашылып, бағдарламаның жүзеге асырылу барысы насихатталсын.

6. Облыстық білім басқармасының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі №398 «Облыстың білім беру ұйымдарында (мектепке дейінгі, орта және кәсіптік-техникалық білім) «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізу туралы бұйрығының күші жойылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Н. Бертлеуоваға жүктелсін.

8. Бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы



Ж. Сұлтан



Б Ұ Й Р ы қ

2024 жылғы «08» 08
Қарауылкелді ауылы

№ 123

«08» 08 2024 г
с.Қарауылкелді

**Білім беру ұйымдарында (мектепке дейінгі, орта)
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығына және Ақтөбе облысының білім басқармасының 6 тамыздағы №380 бұйрығына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

1. 2024 – 2025 оқу жылынан бастап ауданның барлық білім беру ұйымдарында (мектепке дейінгі, жалпы орта білім беретін білім беру ұйымдары) «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізілсін.

2. Бұйрыққа қоса берілген қосымшаларға сәйкес:

2.1 Бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бекітілсін;

2.2 Осы бұйрықтың №2 қосымшасына сәйкес ауданның білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс – шаралар жоспары бекітілсін.

3. Байғанин ауданының білім бөліміне қарасты мектепке дейінгі ұйым және негізгі, жалпы орта білім беретін білім беру ұйымдары басшылары:

3.1 Меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру арқылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру қамтамасыз етілсін;

3.2 Білім берудің барлық деңгейлеріндегі ұйымдардың педагогикалық кеңесінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы таныстырылсын;

3.3 Білім беру ұйымдарының 2024 – 2025 оқу жылына арналған тәрбие жоспары әзірленіп, бекітілсін.

4. Байғанин ауданының білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің қосымша білім беру және тәрбие әдіскерлері (Н.Азов, М.Избасаров):

4.1 «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы бойынша әр тоқсан сайын мониторинг жүргізілсін;

4.2 «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде озық іс-тәжірибелер таратылсын;

4.3 Меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарының әлеуметтік паракшаларында «Біртұтас тәрбие» бағдарламаның жүзеге асырылу барысының насихатталуы бақылауға алынсын.

5. Байғанин ауданының білім бөлімінің 2023 жылғы 6 қазандағы №191 «Аудандық білім беру ұйымдарында (мектепке дейінгі, орта) «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізу туралы бұйрықтарының күші жойылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі К.Суйесиновке жүктелсін.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Бөлім басшысы



М.Дабысов



02.09. 2024 жыл

№ 33/1

Ноғайты ауылы

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілде № 194 бұйрығы, Ақтөбе облысының білім басқармасы ММ-нің 2024 жылғы 06 тамыз № 380 бұйрығына және ҚББ 2024 жылғы 21 тамыз №375 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024-2025 оқу жылынан бастап мектептің тәрбие жұмысы «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-сі, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 06.08.2024 жылғы №380 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» басшылыққа ала отырып жүргізілсін;
2. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Р.Тайшыбайға «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» 1-11 сыныптарының жетекшілеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізісін;
3. 1-11 сыныптарының тәрбие жұмысының жоспарларына «Жолда жүру ережелері» оқыту курсы кіріктіріліп құрылып, бекітілсін;
4. 4.Бағдарламада ұсынылған әлеуметтік жобалар кіріктіліп енгізілсін, жетекшілері тағайындалсын:
 - «Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу. Жауапты: Ержанқызы А
 - «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қы-зығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу. Жауапты: Құлмұрза А.Е
 - «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу. Жауапты: Нәбиев Б.М
 - «Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылауарқылы құндылықтарды дәріптеу. Жауапты: Қожуова С
 - «Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу. Жауапты:Қалқаманов Қ.Қ
 - «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру. Жауапты:Ноғай Н.А
 - «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы – Кульметова Б.Т. жұмыс барысында іске асырылып, жалғастырылсын;
5. Мектеп класс жетекшілер бірлестігінің жетекшісі Б.Шамбайға Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 30 шілде № 194 бұйрығы бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасын», Ақтөбе облысының білім басқармасы ММ-ің 2024 жылғы 06 тамыз № 380 бұйрығы, Ақтөбе қалалық білім бөлімінің 2024 жыл 21 тамыз №375 бұйрыққа сай, 2024-2025 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын»іске асыру жөніндегі кешенді жоспарға сәйкес 1-11 сыныптар бойынша оқу санаттарының жоспарлануын және әр кластың ерекшелігі ескеріліп құрылуын қалалық әдістемелік сүйемелдеу жұмыстарын жүргізісін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Р.Тайшыбайға жүктелсін.

Мектеп директоры:  Г.М.Жумагазина





20.09. 2024 жыл

№41

Ноғайты ауылы

«Ата-аналарды педагогикалық
қолдау орталығын» құру туралы

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесі 2023 жылғы 15 тамыз күні бекітілген №4 хаттамасына сәйкес ұсынған «Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау» бойынша нұсқаулықты басшылыққа ала отырып отбасы мәдениеті дамыту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылында балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды, заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша «Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы» құрылып, арнайы жұмыс тобы №1 қосымшаға сәйкес жасалынсын.
2. Тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында жүргізілетін жұмыстардың жоспары №2 қосымшаға сәйкес жасалынсын.
3. «Ата –аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жұмыстары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Р.Тайшыбайға және сынып жетекшілерге тапсырылсын.
4. «Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау» бойынша нұсқаулығына сәйкес мектепте «Даналық мектебі» құрылсын және «Әкелер Одағы» кеңесі, «Әжелер мектебі» орталықтарының жұмыстары бірлесіп жүргізілсін.
5. «Даналық мектебі» ұйымының жұмыс жоспарын құру,жүйелі жұмыс жүргізу- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Р.Тайшыбайға жүктелсін.
6. «Әкелер Одағы» ұйымының жұмыс жоспарын құру, жүйелі жұмыс жүргізу – мектеп директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Р.Тайшыбайға жүктелсін.
7. «Әжелер мектебі» ұйымының жұмыс жоспарын құру, жүйелі жұмыс жүргізу – М.С.Мұрынбаеваға жүктелсін.
8. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының арнайы жұмыс тобы құрылып, жүйелі жұмыс жасауын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Р.Тайшыбайға жүктелсін.
9. Аталған жобалардың жұмыстарын мерзімінде әлеуметтік желіге жариялау бағдарламашы Н.Өтеуге жүктелсін
10. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Р.Тайшыбайға тапсырылсын.

Мектеп директоры :  Г.М.Жумагазина





02.09. 2024 жыл

№ 33

Ноғайты ауылы

Білім беру ұйымдарында (мектепке дейінгі, орта)
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрілігінің 2024 жылғы 30 шілдедегі
№194 бұйрығына және Ақтөбе облысының білім басқармасының 6 тамыздағы
№380 бұйрығына сәйкес
2024 жылғы 6 тамыздағы №380 аудандық білім бөлімінің бұйрығын негізге ала
отырып

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н

1. 2024-2025 оқу жылынан бастап «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізілсін.
2. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөнінде сынып жетекшілері сынып сағаттарын өткізуі мен қатар сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұндары арқылы жұмыстар жүргізілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын басшылыққа алу жауапкершілігі мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Р.Тайшыбайға міндеттелсін.

Мектеп директоры:  Г.М.Жумагазина

